

АЛТЫН

Біздің бұдан бұрын айтқанымыздай, Кіші жүздің басқа бір руы Алтынның да тегі найман болуы ықтимал. Біздің қолымызда бар барлық деректемелерге қарағанда, бұл рудың мынадай екі таңбасы бар: $\overline{\Lambda}$, \wedge олардың негізінде жалпы найман таңбасы жатыр. Бұл ру, біздіңше, біршама жақында пайда болған сияқты, өйткені А. Тевкелевтің деректерін негізге алғанда, ол туралы алғашқы хабарлар XVIII ғасырлардың ортасында ұшырасады. Одан неғұрлым ертеректегі деректемелерде бұл ру айтылмайды.